## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Ақбөбек» МДҰ
**Топ:** «Айгөлек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** **03-07.10.2022ж**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. **Моншақтармен ойын:** Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді | Баланың қабылдау бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **«Топқа бөл»** марблс тасымен жұмыс **Шарты:** Заттарды түсі бойынша жіктеу. | Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру **Д/о: «Күн шуақтары» Шарты:** Таяқшалармен күн шуақтарын құрап ойнайды. (құрастыру) | Жағымды жағдай орнату.Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. **Д/о: «Үлгіге қарап жалғастыр» Шарты:** Үлгі бойынша берілген суреттерді тастардың көмегімен дәл үлгідегідей орналастыр. | Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау (сөйлеуді дамыту). |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Әңгімелесу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Д/о: «Қанеки, есіңе түсір!» Шарты:** Үйіндегі отбасыларында кімдер тұратынын айтып береді. (сөйлеуді дамыту) | **Д/о: «Саусақтағы отбасы» Шарты:** Әуенге ілесіп, ән орындайды. Отбасы мүшелерін толықтай, таза айтады. (сөйлеуді дамыту) | **Д/о:** «Отбасыма үй» Шарты: Үй құрастырып, тату ойнайды. (құрастыру) | **Д/о: «Әкемнің еңбегі»** Шарты: Еңбек құралдарымен ойнап, әкелерінің немен айналысатының айтады (сөйлеуді дамыту) | **Д/о:** «Қай зат кімдікі» **Шарты:** Берілген отбасы мүшелерінің суреттерінің тұстарына балалар өзіне тиесілі заттарын алып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жанына қояды. (қоршаған орта) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені №2 | Таңғы жаттығу кешені №2 | Таңғы жаттығу кешені №2 | Таңғы жаттығу кешені №2 | Таңғы жаттығу кешені №2 |
| **Таңғы ас** | Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. | Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | Ойын- жаттығу :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Ойламаймыз білмейміз | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Д/о:**«Нешеуміз»<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балалы үйрек – анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкене бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(математика негіздері) | **Санамақ**<br>Бас бармағым – атам,<br>Балалы үйрек – әжем,<br>Ортан терек – әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br>Міне, менің барлық отбасым | Санамақ «Бір»<br>Бір дегенім – Білім,<br>Төрт пен беске ілін.<br>Алып жүргін, балам,<br>Мұғалімнің тілін.<br>(математика негіздері) | **Санамақ** « Екі».<br>Екі дегенім – Еңбек,<br>Еңбек етсең өнбек.<br>Жалқау болсаң, балам,<br>Бар қиындық төнбек.<br>(математика негіздері) | Санамақ «Үш»<br>Үш дегенім – Үміт,<br>Жайдары жүр күліп,<br>Қиқар болсаң, балам,<br>Дейді апаң «жүлік»<br>(математика негіздері) |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | **Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. |
| | Менің отбасым тақырыбында суретпен жұмыс<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>**Д/о:** «Анамыздың себетін толтырайық»<br>Шарты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады. | Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атуын?<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не | Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері | Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді | Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Математика негіздері)** «Ельнурдың жанұясы» Отбасы суретін көрсетіп әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атау. (сөйлеудә дамыту) | істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)** | тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мусінді жасату, дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды. **(құрастыру)** | тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)** Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту. **(құрастыру)** | сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)** Ермексаздан торт жасауды меңгерту **(мүсіндеу).** Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. | Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. | Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру |
| **Серуен** | Серуен картотекасы №1 | Серуен картотекасы №2 | Серуен картотекасы №3 | Серуен картотекасы №4 | Серуен картотекасы №5 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау |
| **Түскі ас** | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. | Таза және ұқыпты тамақтану. | Асты тауысып жеуге үйрету. | Ереже: Тамақ ішер кезде енді, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою, соңынан жинау) | | | | Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту) |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. | Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. | «Айлакер қоян» ертегісін оқып беру | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. | Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. | Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. | Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. | Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) | Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. | Балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. | Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Дид ойын**: «Әжеме арналған орамал» **Мақсаты:** Ою -өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құастырады, жабыстырады **(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)** | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика** | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қарандаш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | моншақ жасату. **(Мүсіндеу)** Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер | **негіздері)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер | моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Түстерді ажырат» Раяна түстерді ажыратады. | «Пішінін тап» Аяла пішіндерді ажыратады | «Не дыбыстайды?» Ержігіт ненің қалай дыбыстайтынын біледі және айтады. | «Жаңғырық» Айсұлу жаңғырықты ауыз-бен айтады. | «Не қайда жатыр?» Рабинаның ой өрісі кеңейеді,ойлау қабілеті дамиды, зейінділігі артады. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу. | Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. | серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | Серуенге ойын материалдарын таңдау. |
| **Серуен** | Серуен картотекасы №1 | Серуен картотекасы №2 | Серуен картотекасы №3 | Серуен картотекасы №4 | Серуен картотекасы №5 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Жобаны таныстыру: «Менің балабақшам» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан, суреттерден көрме ұйымдастыру. |